

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 328 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 4-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 71 бұйрығымен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына Үлгілік біліктілік талаптарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32237 тіркелген) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін:

1) алғашқы тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.04.2024 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері басшылары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.04.2024 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мынадай:

1) "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 734 бұйрығы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларының;

2) "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 734 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндептін атқарушының 2022 жылғы 9 тамыздағы № 676 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрық қабылданған күннен бастап құнтізбелік он қүннің ішінде:

1) электрондық түрде қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аппарат басшысы Б.С. Әбділдинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

A. Финият

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің
2023 жылғы 1 маусымдағы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы " "
№ бұйрығына
1-қосымша

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.04.2024 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күннінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы " "
№ бұйрығына
2-қосымша

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптарына өзгерістер енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.12.2023 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күннінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесінің басшысы, (

20 бірлік), С-О-1 санаты, 24-23-1, 24-24-1, 24-25-1, 24-26-1, 24-27-1, 24-28-1, 24-29-1, 24-30-1, 24-31-1, 24-32-1, 24-33-1, 24-34-1, 24-35-1, 24-36-1, 24-37-1, 24-38-1, 24-39-1, 24-41-1, 24-42-1, 24-43-1

Өлшемшарттар	Талаптар
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: денсаулық сақтау (медициналық-профилактикалық іс және/немесе медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология).
Кәсіптік құзыреттілігі	Күйзеліске төзімділік, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыга және оны ақпараттандыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық, стратегиялық ойлау, өзгерістерді басқару.
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актісімен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Департаменттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен аудандық басқармаларының жұмысына жалпы басшылық ету, жұмысын үйлестіру, жоспарлау, іске асыру және өзара тиімді іс-қимыл жасау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімдерін бақылау және қадағалау, сондай-ақ құзыреті шегінде техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сәкталуын бақылау және қадағалау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету, үйлестіру, мониторингілеу. Департаментті білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, атқарушылық және еңбек тәртібін, құжаттаманы басқару бойынша жұмыстың сапасын сақтау. Департамент қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын, оның ішінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын орындауын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарau және әкімшілік жазалар қолдану. Құзыреті шегінде жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау. Құзыреті шегінде мемлекеттік және занмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын

мәліметтерді корғауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Көліктегі
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, (1 бірлік), С-О-1
санаты, 24-40-1**

Өлшемшарттар	Талаптар
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: денсаулық сақтау (медициналық-профилактикалық іс және/немесе медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология).
Кәсіптік құзыреттілігі	Күйзеліске төзімділік, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық, стратегиялық ойлау, өзгерістерді басқару.
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актісімен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын ұлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Көліктегі департаменттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен бөлімшелік баскармаларына жалпы басшылық ету, жұмысын үйлестіру, жоспарлау, іске асыру және тиімді өзара іс-қимыл жасау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімдерін бақылау және қадағалау, сондай-ақ құзыреті шегінде техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сәктаулын бақылау және қадағалау. Көліктегі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету, үйлестіру, мониторинглеу, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың колданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтарып алу). Департаментті білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, атқарушылық және еңбек тәртібін, құжаттаманы басқару бойынша жұмыстың сапасын сәктау. Департамент қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын, оның ішінде сыйайлар жемқорлыққа

карсы заңнамасын орындаудың қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарau және әкімшілік жазалар қолдану. Құзыреті шегінде жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау. Құзыреті шегінде мемлекеттік және занмен қорғалатын өзге де құпияны күрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК